

«Ән шырқайық бәріміз!» достық фестивалі

5-7 сыныптар Жауапты: Мақанова А.Д.

Мақсаты: Оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу, ана тілін сүйуге, оны қадірлеуге, құрметтеуге баулу.

1-Жүргізуші:

Қош келдіңіздер, құрметті ұстаздар мен оқушылар! Сіздерді ұлттық мереке - Тілдер күнімен шын жүректен құтықтаймыз! Бүгін тіл мейрамына арналған «Ән шырқайық бәріміз!» фестиваліне қош келдіңіздер!

2-Жүргізуші:

Қазақстан Республикасында 130 дан астам ұлттар өмір сүреді. Әр халықтың тілі қайнар судың тұнбасындай мөлдір, сазды дыбыстарға бай, ұлттың тілі, әні, үні болып шалқар дариядай шалқуда.

1-Жүргізуші:

Туған тілім тірлігімнің айғағы
Тілім барда айтылар сөз ойдағы
Өссе тілім, мен де бірге өсемін
Өшсе тілім мен де бірге өшемін,- деп Әбділдә

Тәжібаев айтқандай тіл қай ұлтта қай елде болса да, қастерлі, құдыретті.

2-Жүргізуші:

Бүгінгі «Ән шырқайық бәріміз!» мерекелік фестивальдің әділ-қазы алқаларымен таныс болыңыздар:

1

2

3

1-Жүргізуші: Бүгінгі кешіміздің бет ашары - қазақ ұлты. Қазақ халқының өнерін тамашалаңыздар «5 а» сынып!!! Қошеметтейміз!!!

2-Жүргізуші:

Ақ мақтаның мекені
Көңілі болған қарлы шың
Өз ағам деп еркелер
Өзбек ағам армысың.

Ортаға 5 «б» сынып оқушыларын, орыс ұлтын қошеметтеп шақырамыз.

1-Жүргізуші:

Бейбітшілік әніміз.
Бауырласпыз бәріміз
Қазақстан даласында
Жарасады сәніміз

Ұлы Отан аясында
Жадырайды жанымыз. Ортаға Қырғыз елінен келген қонақтарымызды
тамашалауға шақырамыз!!! «6А» сынып оқушылары.

2-Жүргізуші: Енді ортаға 6 «Б» сынып оқушыларын шақырамыз!!! Украин
ұлты.

Ортақ бізге бір отан,

Ортақ жердің байлығы.

Еңбек ортақ, жыр ортақ,

Ортақ бізге барлығы.

Ортаға кәріс ұлтының өкілдерін шақырамыз. 7 «А» сынып оқушыларын
қарсы алайық!

1-Жүргізуші:

Дүниеде Тәуелсіз Қазақстан бар

Әлемде Егемен Қазақстан бар

Оның көп ұлты ынтымақшыл халқы бар

Қош келдіңіздер!!! Белорус халқының өкілдері. Ортада 7 «Б» сынып
оқушылары.

2-Жүргізуші: Қорытынды сөз әділ қазылар алқасына беріледі

1-Жүргізуші: Құрметті қауым, тілдер мерекісі құтты болсын!

Бірге:

Бейбітшілік жасасын!

Ынтымақтастық жасасын!